

2.11.2021 ж. № E00049

Бастауыш сыныптарда оқытудың жаңа технологиясын қолдану

УСЕМБАЕВА ЖИБЕК КАЙРАТОВНА

Нұр-Сұлтан қаласы Алматы ауданы.

Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта

мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында, терезесін тең ететін – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан –жақты дамыту.

Соның ішінде мүмкіндігі шектеулі оқушылардың дамуына да жаңа технология элементтерін пайдалану өз әсерін тигізуде.

Бастауыш мектеп - оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы, қиын да жауапты іс.

Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс- тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Қазіргі заманның талабына сай болу және жаңа формация мектебінде жұмыс істеп жүрген педагогтардың алдында тұрған проблемаларды шешу негізгі мақсат болып табылады, олар:

- баланы оқи білуге үйрету
- баланы ойлауға үйрету

баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау.

Осыған орай мектеп білімі түбегейлі жаңартылып, мұғалімнің қызметінің мақсаттары кеңейіп, үлкен өзгерістер үстінде. *Әр педагогтың міндеті-* оқушының шығармашылық ойына бағыт беру, шығармашылық ізденісті қолдау, жағдаяттар туғызып, оның шешімін табуға бағыттау, жаңаны іздеуге, жүйелі зерттеулерге талдау жасауға талпыныс беру.

Бұл технология несімен өзіне баурап алғандығын бірнеше сұрақ- жауап ретінде бергім келіп отыр.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы немен қызықтырады?

- Кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік беретіндігімен.
- Оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің /стратегияларының/ көптігімен.
- Оқу мотивацияларын өзгертуге пайдалы екендігімен.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының өзге технологиялардан қандай ерекшеліктері бар?

- Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының құрылымы /қызығышылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс/
- Негізгі үш кезенінің маңыздылығы.

• Стратегиялардың психологиялық астары мен ерекшеліктері. Осы жобамен жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлануға үйретеді. Педагогикалық технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметтің, іс- әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы ретінде оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді.

Шығармашылық дегеніміз – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға, жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылуы,ізденуі. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін.

Біздің міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Өз тәжірибемде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда

Сын тұрғысынан ойлау жобасының көптеген әдіс- тәсілдерін қолданамын:

- Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау,арнаулы бір тақырыпқа пікірталас тудыру /ой қозғау, «инсерт» кестесі/
 - Берілген тапсырманы түрлендіру бағыттағы жұмыс / эссе,шығарма, сауаттылықты ашатын хаттар т.б стратегиялар/
 - әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу, мәтіндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға /Вендиagramмасы, аялдамамен оқу стратегиясы/
 - Қиялдау арқылы сурет салғызу /сурет салу стратегиясы/
 - Кейіпкерге мінездеме беру өз ойын жазғызу /авторға, кейіпкерге хат жазу стратегиясы
 - Шығармада екі кейіпкердің қарама – қарсы элементтерін сипаттау /қарама-қайшы элементтер стратегиясы/
 - Өлең шұмақтарын құрастыру / 5 жолды өлең/
- «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» қолданып жүрмін.

«Сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының модулдерін ұтымды пайдалану оқушылардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды.

Бұл бағдарламаның мақсаты – барлық жастағы, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының кез келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, ұйғарым таңдауға, шешім қабылдауға үйрету.

Оқушылардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға жетелеу.

Сын тұрғысынан ойлау сынау емес, шындалған, бірін – бірі толықтырған ойлау. Ең бастысы жекелей, топта, сыныпта оқушылардың білім деңгейін көтеруге ретімен сұрыптап қолданған стратегиялардың қай – қайсысы болсын сабақтың сапасын арттыруда үлесі зор.

Жаңа білімді қабылдау, бекіту, іскерлік пен дағдыны тәрбиелеу барысында жұмыс жүйесін, оқушылардың дербес белсенді әрекетін дамытуда, өздік жұмысының тиімділігін арттыруда «Сын тұрғысынан ойлау» барысындағы әдіс-тәсілдер білімді меңгертудің әр түрлі кезеңінде қолдануға болатынын тәжірибе көрсетті.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы ұстаз бен оқушыны ізденуге жетелейтін, шығармашылық шабыт беретін, болашаққа деген үмітті арттыратын бағыт.

Әр оқушыда өзін – өзі дамыта, жетілдіре бақылай алатын дағды қалыптастыру, соған сәйкес өз бетінше білім алуға үйрету, дамудың ең биік шыңына жету болып табылады. Яғни, ең алдымен, шығармашылық ойлау нәтижесінде жаңалық ашылады, тұлғаның дамуы жеделдейді. Оқушы ойын осылайша шыңдауға мүмкіндік туады.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына шараларды білу қажет:

- 1.Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін уақыт керек.
- 2.Оқушыларға ойланып, толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.
- 3.Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.
- 4.Үйрену барысында оқушылардың белсенді іс – әрекетін қолдану.
5. Кейбір оқушылардан жауабының, сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету.
- 6.Сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Сын тұрғысынан ойлау технологияларын пайдалану нәтижесінде қазіргі оқушының:

- Сабаққа қызығушылығы артады;
- Нақты өз деңгейінде бағаланады;
- Жеке қабілеті айқындалады;
- Өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді;
- Даму мониторингі айқын көрінеді;

Өз пікірін ашық білдіруді талап ету қажет. Тек сонда ғана олар:

- Мен осы мәселе туралы не ойлаймын?
- Осы мазмұннан алған ақпарат менің бұрынғы білетініме сәйкес пе?
- Маған бұл жаңа ойлар қаншалықты әсер етті, -деген сауалдар төңірегінде ойлауға үйренеді.

Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының алғы шарттары:

- Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау;
- Сенімділікке тәрбиелеу үшін баланың жауабын санмен бағалау;
- Қиялын дамыту үшін «Менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру;
- Әр түрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, жаманын сынамау;
- Тіл байлығын дамыту үшін қалайда жауабын соңына дейін тыңдау;
- Жауап беруге тілек білдірмеген баланың өз еркінсіз, қинап сұрамау;
- Жеке тұлға ретінде «Мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Өз іс-тәжірибемде сыни тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырып, шығармашылыққа баулуға көп көңіл бөлемін.

Қазіргі кезде мектептерде жиі қолданылып отырған жаңа технологиялардың бірі – сын тұрғысынан ойлауды дамыту қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Осындай әдістеме негізінде жасөспірімдерге терең де тиянақты білім беруді өз тәжірибемде жиі қолданамын. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының басты ерекшеліктерін сабақтарымда қолданылу жолдарына тоқталмақмын.

Балалардың қызығушылықтарын ояту мақсатында сөзжұмбақ шешіліп, бүгінгі күннің тақырыбын оқушылар өздері анықтады.

1. «Болжау» стратегиясы
2. «Екі жақты күнделік» стратегиясы
3. «Топтастыру» стратегиясы
4. «Әдебиет үйірмесі»
5. «Бес жолды өлең» стратегиясы

1-ші «Болжау» стратегиясы.

Оқушылардың алдына әңгімеден үзінді беру. Яғни, оны оқушылар ары қарай жалғастырып оқиганы немен аяқталғанын өз ойларымен жеткізеді.

2-ші «Екі жақты күнделік» стратегиясы.

1. Мәтіннен өздеріне әсер етіп ойында қалған үзіндіні жаз.
2. Қысқы мезгілдегі табиғаттағы тіршілік
3. Жылқышының еңбегі

3-ші «Топтастыру» стратегиясы.

«Қыс мезгілі» сөзін оқушылар қағаз бетіне түсіреді.

4-ші «Әдебиет үйірмесі»

- Шағын әңгіме «Қыс мезгіліндегі тіршілік»
- «Қызықты қыс еліне» суретті аяқта

5-ші «Бес жолды өлең» стратегиясы

1. Зат есім (1 сөз)
2. Сын есім (2 сөз)
3. Етістік (3 сөз)

4. Қорытынды ой (4 сөз)

5. Зат есімге жуық мәндес сөз (1 сөз)

Ал сабақтың нәтижелігін көрсететін кезеңнің бірі -бағалау. Балаларды ынталандыру мақсатында формативті бағалаудың орны ерекше .Өйткені, әр топ қорғаған сәтте оқушылардың бір- бірін қошеметтеп, күш жігер беріп отыратындарын көргенде көз қуантты. Топ басшылары өз топтарындағы балаларды бағалайды.

Қорыта келгенде. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін, шығармашылық қабілеттерін сабаққа және сабақтан тыс уақытта дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Мұнда басты назар аударатын нәрсе – оқушылардың ауызша, жазбаша тілдерінің өзара ұштастырыла отырып және соған сәйкес жұмыстың ауызша, жазбаша түрде көрініс табуларын талап ету. Соның негізінде ғана біздіңше, тіл байлығы мол, сауатты да шығармашыл жас жеткіншекті тәрбиелей аламыз.

Оқушыларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту-бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда оқу –тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше.

Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшағандығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.

Оқушылардың шығармашылығын, танымдық белсенділігін арттыруда шығармашылық сабақтарды өткізудің, оқушының өз бетімен ізденісі.

Оқушыларым қазіргі таңда топпен, жұппен жұмыс атқара біледі. Өз ойларын ашық ,нақты және сыни тұрғыдан ойлай біледі. Оқушыларымның сабаққа деген қызығушылықтары артып, сыныптың білім сапасы көтерілді.Егер де жаңа технология элементтерің сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді деп ойлаймын.

Баяндамамды Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың мына сөзімен аяқтағым келеді: «Еліміздің ертеңі бүгінгі ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында»

02.11.2021 ж. № E00050

БАЛАБАҚШАДА БАЛА ТІЛІН ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

КЕЗЕНБАЕВА НУРЗИЯ САЙЛАУБЕКОВНА

Жамбыл облысы Шу ауданы Төле би ауылы

"Раушан бөбекжай-бақшасы" Тәрбиеші

Балалардың тілін дамытудағы мақсаттары:

- Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;
- Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру;
- Ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал - мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету.

Осы мақсатты іске асыру нәтижесіндегі міндеттері:

- Бала тілін орфоэпиялық дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу.
- Сөздегі грамматикалық дағдыларды қалыптастыру;
- Баланың сөздік қорын молайту;
- Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;
- Балалардың ойын дамытып, тіл байлығын арттыру.

Балалар өз бетінше шығармаларды айтып, шығарманың мазмұны мен ойын дұрыс жеткізіп, диалогтегі адамдардың сөздерін мәнерлі жеткізуге икемделеді. Балалар автордың сөз өнерін қолданып, сөз мәнерін өздері машықтануы қажет. Серіктестері айтқан әңгімені тыңдап отыруға, мазмұнын түсінуге, әдеби кейіпкерлерін атымен айтуға үйретіледі.

Табиғи құбылыстардағы ақиқаттылықты сипаттаған кезде нақты дұрыс сөз қолдануға, үлкендердің көмегімен белгілі бір нәрсеге тиісті белгілерді табуға, нақты бейнелеуге, әңгімеде ой - өрісін жеткізуге үйрету керек.

Балалардың сипаттау әңгімелері түрлі сөз мәнерінде сонымен қоса тілдік (метафора, теңеу, эпитет, балама қолдануда) сөз өнері өзіндік ерекшелігін ашу қажет. Ойыншықтарды қолданып, суретке қарап әңгіме құрастырады. Баланың өзі құрастырған әңгімесінде жанрдың негізгі ерекшелігін таба білуінде. Сюжет ерекшеліктері мен әдеби шығармалардың мәнерлігі (ертегіні толық айтып беру). Ертегідегі жақсылықтың жеңгені, сиқырлық жайында, кейіпкерлерді басқа бір нәрсеге айналдырып, және т. б. қолдана отырып, ертегі құрастыруға үйрету.

Бұл жаста балалар шығарманы қызығушылықпен тыңдайды, әңгімелерді түрлендіре біледі. Баланы шығармашылық қабілеттілігінен туындаған әңгімелеріне көңіл аударып, құрдастарының әңгімелерін тыңдауға бейімдеп,

қиыншылық тудырған жағдайды, қол ұшын беріп, дұрыс емес жеріне түзету енгізе керек.

Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым - қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін кезең. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады. Ол болса сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл - ой дамуымен біртұтас жүреді.

Жас жеткіншектерді баулып, тәрбиелеуде көркем әдебиеттің ролі ұшан - теңіз. Ол жаңа өскін балауса буынының сана - сезімін оятып, ақыл - есін дамытатын, адамгершілік моральға тәрбиелейтін өмір оқулығы.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті. Ертегі, әңгімені, өлең – тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай - ақ мақал - мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл - ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз. Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі.

Ежелгі қазақ әдебиеті өкілдерінің балаларға қалдырған әдеби мұрасы, Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың өлең - әңгімелері осы күнге дейін тәрбиелеу мен оқытуда, ғылым жолын танытып, өнер - білімге баулуда қастерлі қасиетін еш жойған жоқ. Жамбылдың, Сәкеннің, Жансүгіровтың, Майлиннің, Мұқановтың сондай – ақ көптеген жас жазушылардың балалар сүйсінерлік қызығып тыңдарлық жақсы шығармалары бар. Мұның бәрі, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде баға жеткісіз қазына. Әрбір тәрбиеші соларды іздестіре отырып, термелеп жинап жүрсе, өз жұмысына өте демеуші дәнекер таппақ.

Жас кезінде әңгіме, жырларды көп тыңдаған бала өз көрген - білгенін қиыстырып, тұжырымдап достарына, тәрбиешілеріне, ата - аналарына айтып бере алса, тіл шеберліктері артады. Мұндай жақсы қасиеттер баланың парасатты, инабатты, әдепті, еңбексүйгіш, көргенді болып өсуіне әсер етеді. Мектепке дейінгі шақта бала тілі икемді келеді, сондықтан - да балалармен жүргізілетін жаттығу түрлері әр алуан. Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс

түрлері біртіндеп күрделене береді. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Дыбыстардың ерекшеліктерін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу іс - әрекеттерінде ғана емес, ән, дене шынықтыру оқу іс - әрекеттерінде де, бос кезеңдерде де балаға өлеңдер, тақпақтар үйретіледі.

Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал - мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады.

Мектепке дейінгі тәрбие жұмысы жүйелі жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу ана тілі арқылы өз дәрежесінде жүзеге асатыны белгілі. Баланы ана тілінде анық, жүйелі, өзгелерге түсінікті, мәнерлі үн ырғағымен келістіре сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс жеткізуге мектепке дейінгі кезеңде үйрету керек.

Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді.

Сөздің дыбыстық жағын меңгерту

- Бала тілін зерттеп, қай дыбысты айта алмайтынын анықтау;
- Артикуляциялық аппаратты дайындау кезеңі
- Сөз, сөйлем, өлең, жұмбақ, жаңылтпаштарды айтқызып, дыбыстарды үйрету.

Балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту барысында қолданылатын әдістерге тоқталатын болсақ:

1. Сахна ойындары. Оның барысында қажетті дыбысқа байланысты сөздер, сөйлемдер бірнеше рет қолданылады. әр кейіпкерді сөйлете отырып, балаларға қайталату.
2. Бағдарлама бойынша өтілетін шығармалардан тіл ұстартуға қажетті шумағын алып пайдалану. Сол шумақ қай ертегіден, қай өлеңнен алынғанын сұрап, жауабын алу арқылы тіл дамытудан игерген білім дағдыларын бекітеді, әрі қайталайды.
3. Сөздің дыбыстық жағын анық айтуға жаттықтыруда шағын әңгіме, ертегілерді мәнерлеп оқып беруге болады.
4. Көркем сөз шеберлерінің таспаға жазылған үндерін, мәнерлі дауыс ырғағын тыңдату.
5. Дидактикалық жаттығулар жасау. «Ғажайып қалта» «Не өзгерді?» үстел үстінде ойнайтын ойындарды пайдаланып, әр дыбысқа байланысты суреттерді

топтап алу.

6. Жұмбақ, мақал - мәтел, жаңылтпаштарды айтқызу арқылы қажетті дыбысты бекіту.

Жұмыстың осы түрлерін баланың жас кезінен бастап дер шағында қолға алса нәтижесі де ойдағыдай болады.

Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады. Мәселен, ән оқу іс - әрекетінде музыка үнімен бала сезіміне әсер етсе, тіл дамытуда оқылған әңгіме, ертегілер, біріншіден баланың ақыл - ойын, танымын кеңейтсе, екіншіден ана тілін жақсы білуге көмектеседі.

Оқу жылының басында өз тобымда тілдері з, р, с, ш дыбыстарын айта алмайтын балаларға дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында ойын - жаттығулар, тақпақтарды айтқызып үйреттім. Мысалы: «З» дыбысын бекіту мақсатында А. Райымқұлованың «ауыл маңында» өлеңін айтқызуға болады.

Ауыл маңы саз, саз - саз,

Жайылады қаз, қаз - қаз.

Тоймай қалса қаз, қаз - қаз,

Шашқан дәнің аз, аз - аз.

Дыбыстарды меңгерту барысында ассоциация әдісін қолданамын. Мысалы: «Қ» дыбысын бекіту мақсатында Қ – қарға, қолғап, қасқыр, қой, қарындаш Ұрпақтан - ұрпаққа мұра болып келе жатқан ертегілер, мақал - мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаш бала тілін дамытуда шешуші орын алады. Тобымдағы балаларға ертегілерді ең алдымен ауызша айтып беремін. Сонан соң айтылған ертегінің мазмұнын толық қабылдау және тіл байлықтарын арттыру мақсатымен сахналап рольдерге бөліп ойнатамын. Мысалы: «Бауырсақ» «Шалқан» «Мақта қыз бен мысық» «Алдар көсе мен тоңғақ бай» «Күз түсті» ертегілері.

Түрлі ойын - жаттығулардың бала тіліне тигізер ықпалы мол. Мысалы: «Күз түсті» ертегісін алып ойын - жаттығу ретінде өткізіп жүрмін.

«Балалар тоғайға жеміс - жидек теруге барады. Барлығының қолдарында себет бар. Олар тоғайға келе жатса, бір сиыр жатыр екен. Сиыр балаларды көріп «мө - мө - мө» деп амандасады. Содан кейін «балалар, қайда барасыздар?» дейді.

- Балалар: - Орманға жидек теруге бара жатырмыз

Деп жауап береді.

Орманға келіп ағаштың бұтағында тоқылдақтың отырғанын байқайды.

Тоқылдақ балаларды көріп «тық - тық» деп амандасады. Сонан кейін торғайлар «шиқ - шиқ» деп дыбыстайды. Қарға болса «қар - қар» дейді. Көкек те қалыспай «көкек - көкек» деп қалыспайды.

Осы тәріздес ормандағы құстар, аңдар балалармен кездеседі. «Күз түсті» ертегісінің мазмұны бойынша жүргізілетін ойын - жаттығудың мақсаты ертегі мазмұны бойынша балаларды қызықтырып, дыбыстарды анық айтуға

жаттықтыру. Ертегілерден басқа көркем әдеби шығармаларды балаларға оқып беріп, олардан әңгіменің мазмұнын сұраймын. Мысалы: «Екі дос пен қайыршы қария» әңгімесін оқып беріп, әңгіменің мазмұнын сұрау арқылы Венн диаграмма әдісін қолданып, балаларға Алдан мен Сауранның мінезін салыстырамын.

Халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы мақал - мәтелдер арқылы да беріледі.

Қазақты мақал - мәтелдері негізінен елдікті, ынтымақты, бірлікті, адамгершілікті, инабаттылықты қамтиды. Сондықтан, мен «Менің Қазақстаным» «Отбасы» «Менің ауылым» тақырыптарын өткенде:

- Туған жер – алтын бесік
- Өз үйім - өлең төсегім
- Отан – оттан да ыстық

Батырлық, ерлік туралы:

- Жауынмен жер көгереді, батамен ел көгереді
- Ер - елдің көркі, өсімдік жердің көркі

Білім туралы:

- Қына тасқа, білім басқа бітеді
- Көп сөйлеген білімді емес, көп білген білімді – деген мақал - мәтелдерді пайдаланамын.

Бала тілінің дамуына жұмбақтар үлкен роль атқарады. Әр оқу іс - әрекетінің тақырыбына сәйкес жұмбақ айтудан бастаймын.

- Кешкісін маздап жанады, таң атса сөніп қалады (Жұлдыз)
- Қырманнан көрдім, ырыздығы елдің (Дән)
- Басында аппақ шәлі, етегі елдің сәні (Тау)

Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімді жанр – жаңылтпаш. Жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді.

- Көк кесе, көп кесе, Көп кесені әкелді кеше

Қорыта айтқанда балалардың ана тіліндегі дыбыстарды анық айтып, дұрыс сөйлей білуге балабақшада берілер тәрбиенің ықпалы зор.

Қазіргі заман талабына сай оқу - тәрбие үрдісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ойына, бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу, тәрбиешінің алға қойған міндеті. Айналадағы дүниені, табиғатты бақылап түсіндіріп әрдайым жаңа сөздермен, сөздік қорын толықтырып отыру қажет деп есептеймін.

02.11.2021 ж. № E00052

Балаларға экологиялық тәрбие беру

МОЛДАГАЛИЕВА ЛАЗЗАТ ИЗГАЛИЕВНА

*Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы
№49 Жалпы орта білім беретін мектебінің
мектепалды даярлық топ тәрбиешісі*

Табиғат – біздің ортақ үйіміз. Табиғатқа деген сыйды жоғалту адамзаттың адамгершілік құндылықтарын жоғалтуға әкеліп соқтырады. Қазіргі уақыттағы әлемдегі экологиялық жағдай адам көзқарасының өзгеруін талап етеді.

Өсіп келе жатқан ұрпақта жаңа экологиялық сезім қарастырылуы керек деп санаймын. Келешекте балалар кім болса да, олар қоршаған ортада рөлдерін бөліп, табиғат заңдылықтары бойынша өз түсініктері болуы керек. Экологиялық тәрбие мен білім беру – қазіргі таңдағы айқын бағыттардың бірі.

Экологиялық мәдениеттілікке тәрбиелеу неғұрлым ерте басталса, соғұрлым оның болашағы зор болмақ. Баланың сәби кезінен экологиялық мәдениеттілік санасын тәрбиелеу – осы мәселелердің шешілу жолдарының бірі болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдардағы экологиялық тәрбие берудің маңызды міндеті – балаларды табиғаттың әсемдігін көріп түсіне білуге, тірі табиғатқа қамқор бола білуге үйрету және экология саласы бойынша нақты білім беріп, аймақта қолданылатын ресурстары шектеулі екенін түсіндіру керек. Біз баланы табиғатты пайдаланып қана қоймай, оған қамқор болуға, оны күтіп аялауға үйретуіміз керек.

Экологиялық білім берудің басты міндеттері:

- өсімдіктермен жануарларды күте білу дағдыларын қалыптастыру.
- қоршаған ортада алған әсерлерін жеткізе білу, эмоциялық көңіл-күйлерін басқара білу дағдыларын жетілдіру.
- қоршаған ортаны сүйе, табиғатты қорғай білуді жүйелі түрде жүзеге асыру. табиғат пен бала арасындағы оңтайлы қарым-қатынас орнату.
- адамның табиғаттағы тіршілік әрекеті және жеке гигиена жайындағы білімдерді тиімді жолдарымен жеткізу.

Экологиялық тәрбие жұмысын жүргізу, оқытудың негізгі формалары бақылау, қызықтау, серуен болып табылады. Тәрбиешінің табиғи нысандары мен табиғат құбылыстарын бақылауды ұйымдастыруы, балаларды табиғатпен таныстырудың негізгі мәселесі болып есептеледі.

Қызықтау кезінде балаларды таза ауада, көз тартар әдемі гүлдер мен ағаштар арасында болуы көтеріңкі көңіл-күймен қатар табиғат сұлулығын сезіне білуіне зор әсер ететіні анық.

Ал серуен кезінде, тәрбиеші балаларды табиғатпен таныстырып, өсімдіктерге су құю, құрғақ жапырақтарды бірге жинау, ағаш түптерін тазалау т.б. сияқты қарапайым еңбек түрлеріне қатыстырады.

Мұндай еңбек түрлерін орындау, балалардың еңбекке деген жауапкершілік сезімдерін дамытып, ынтасын арттырады. Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиенің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік, эстетикалық еңбек, имандылық тәрбиелерімен сабақтаса жүргізу басшылыққа алынады. Балаларға мазмұнда көрсетілгендей өлі және тірі табиғатпен одан әрі таныстырып, табиғат құбылыстары жайында бастапқы жалпылама ұйымдарды нақты түрде меңгеру ұсынылады.

Жыл мезгілдерінің ерекшелігіне орай күзгі табиғат құбылысы (жаңбырдың жаууы, адамдардың пайдалы іс әрекеті, ауладағы жапырақтарды жинау, жылы жаққа ұшатын құстарды бақылау, т.б.). Қыстап қалған құстарға қамқорлық, табиғат бұрышындағы құстар мен өсімдіктерді күту, балыққа жем беру.

Ерте көктемде ұшып келетін құстарға үлкендер көмегімен дайындалған ұяларға жем шашу, ауладағы гүл, көкөніс өсімдіктерін өсіруге жәрдем беру. Бүршік жарған ағаш бұтақтарын (бұтақ, бүршік, өсімдік) т.б. мағынасына сай түсіндіру. Наурыз мерекесінің қарсанында жас шыбықтар отырғызып, оны күтуді күнделікті әдет дағдыға айналдыру.

Көктемнің әдемі келбетін жырлайтын өлең жолдарын әнге қосу, сөз жұмбақтар шешу, дидактикалық, қимылды ойын түрлерін пайдалану, өз ойларын табиғат көрінісінің суретін салып, әңгімелеп айтып беру.

Жаз кезінде тәрбиешілердің ұйымдастыруымен өзен-көл жағасына, баққа, гүл алаңына барған кезде айналаның тазалығына мән беру. Бұл әр баланың жауапкершілік дағдысын, ұжымдық бірлігін арттыруда, балалардың ойлау тұтастығын, яғни табиғатты қорғау көзқарасын дамыту үшін, жыл мезгіліне сай мақсат-міндеті айқындалған экологиялық тәрбие жұмысы оқу жылының өн бойында жүргізіліп отырады.

Экологиялық тәрбие берудің басты мақсаты бала бойында азаматтың барын, білім, көзқарас пен сенім жүйесін орнықтыру болып табылады.

Бұл қоршаған ортамен қарым-қатынаста тәрбиелік, ұқыптылық ережелерін орындау, табиғатты аялап, оған қамқорлық таныту қабілетін дамытуда негізделеді. Балаларды мектепке дайындауда экологиялық тәрбие жұмысы мынадай міндеттердің негізінде жүзеге асырылады:

* Балаларды өсімдіктер мен жануарларды күтіп баптауға баулу, олардың бойында қабілет пен икемділікті орнықтыру.

* Табиғаттың сан алуан сырлары мен байлықтары жөнінде эстетикалық және ұлт жандылық сезімдерін дамыту.

* Табиғатта барлық нәрсенің бір-бірімен өзара байланыста болатынын түсіндіру және оған байланысты күнделікті өмірде ескеру қажеттігін үйретіп отыру.

* Балабақшада табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып, осының негізінде тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде жалпылама және нақты түсініктерді меңгерту.

К.Д.Ушинский “Баланы табиғатпен жастай таныстыра дамыту, оның өзіндік логикалық ойлауын, сөздік қорын, санасының жетілуіне әсері мол екенін атап көрсеткен. Логикалық ойдың, пікірдің дамуы баланың келешекте рухының жоғары болуына, батыл пікір, нақты шешім айтуына және оны дәлелдеп беруге жетелейді», – деген.

Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларға табиғат жайлы білім берген маңызды. Балаларды әр жыл мезгілімен таныстыра келе, оның әр бір өзгерістері жайлы, сонымен қатар әсемдігі мен әдемілігі жайлы, сұлулығы мен бір-біріне ұқсамайтын ерекшеліктері жайлы, жануарлардың түрлері мен өсімдіктердің сан алуандығы, тіпті тастар мен құмдар, ауа, су, бұлт, барша ғаламға жылу мен жарық сәулесін шашқан күн мен қараңғы аспанда өз сұлулығымен әрленген жұлдыздар мен ай жайлы, жалпы өлі табиғат пен тірі табиғат жайлы түсініктер, тіпті олардың адам өміріне пайдасы мен зияны жайлы серуен кезінде ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде білім берудемін.

Балабақша өміріндегі экологиялық тәрбиені отбасындағы қалыптасқан дәстүрлі тағылымдарды басшылыққа ала жүру. Міне, осы міндеттердің барысында балалардың экологиялық таным-түсінігін тереңдетіп, олардың табиғатқа деген жаңа мәдени қарым-қатынасын бекіту. Мұндай жұмыс түрі балалардың физиологиялық даму, психологиялық жас ерекшеліктерін ескеріп, әдіс-тәсілдерді шебер пайдаланып, шығармашылықпен жұмыс істейтін біздер сияқты тәрбиешілер басшылығымен жүргізіледі.

Оқу жоспарында экологиялық тәрбие жұмысын аптасына бір рет, айналамен таныстыруды бір рет өткізілу көзделген. Экологиялық тәрбиенің психологиялық аспектілеріне орай бала табиғатқа жанашырлық, қамқорлық және еңбекқорлық, белсенділік, ұқыптылық сияқты дағдыны меңгереді. Экологиялық тәрбие тақырыбына сай іріктеліп, бала жасына сай алынуы тиіс, мұндай шығармаларды тәрбиешінің қарапайым тілмен жеткізе білуі баланың табиғатқа деген жауапкершілік қарым-қатынасын арттырып, әрекет түрлерін меңгеруге мүмкіндік береді.

Тәрбие жұмысы кезінде ұлттық ерекшелікті сақтай білу, ертегіні кейіпкерлендіру, қызықты сәттер, проблемалық жағдайлар, ойын түрлерін, ырым-тиым сөздерді пайдалану, баланың обал-сауап туралы түсінігін кеңейтіп, өз бетінше дербес шешім қабылдай білуіне баулиды. «Жер, су, ауа», «Жапырағына қарай анықта», «Кім жылдам?», табиғат құбылыстарына байланысты сөз жұмбақтарды шешу т.б. ойын түрлері арқылы бала қоршаған орта туралы түсінік алады, дүние сырларын түсініп, аңғара бастайды.

«Табиғат – бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы, тал бесігі, өсіп-өнер мекені», яғни табиғатты қорғау экологиялық тәрбие жұмысымен ұштастырумен табылады.

Қорытындылай келе мектеп жасына дейінгі балаларға өз табиғатымызды сақтап, оның әсемдігімен таныстыра отыра, өзіміздің өмір сүруімізге зор әсер ететіндігін, табиғат пен адамдар тығыз байланыста екендігін, бір-біріңіз тіршілік болмайтынын түсіндіре отыра қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыруға, қамқор болып, қорғауға тәрбиелеуіміз керек.

Сонда ғана табиғатымыздың ауасы таза, берер құдіреті көп болмақ деген ойдамын. Осы әсем табиғатымызды келешек ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырып отыру керектігі жөнінде болашақ тәлімгерлерге білім беріп отырмын.

Адам баласы Табиғаттың ең ұлы перзенті болумен бірге, ең ұлы қамқоршысы да екенін ешқашан естен шығармауымыз керек. Табиғат озбырлықты көтермейді. Оны мәпелеп, баптап, мейіріммен аялау арқылы ғана қажетті үлесінді үзбей ала аласың. Табиғат қазынасын қастерлеген адам ғана ұлы мұратқа жетеді. Өз адамгершілігінің салмағын өлшегің келсе, табиғаттың сыр сипатын түсіне білуге әрекет жасап көр.

Адам табиғаттың ең сенімді, айнымас досы, қамқоры, қорғаушысы. Туған жеріміздің баға жетпес қазынасын ысырап етпей, еселеп арттыра беру жолында талмай, жалықпай еңбек ету барлық үлкен-кішінің абыройлы борышы, мүлтіксіз атқаратын міндеті. Табиғат – адам үшін жайлы мекен, барлық игіліктің бастауы. Адамзаттың басты міндеті табиғи қуат көздерін орнымен пайдалану, табиғат әсемдігін сақтау, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүру, мейірімділік нұрын шашу екенін ұмытпайық”. Адам табиғатқа тәуелді болса, табиғат та оған тәуелді”, демекші барша байлықтың анасы – Жер.

Жерді күтіп баптай білу, оның қойнауынан қазба байлықтарын игере ала білу, табиғат пен қоршаған ортаны түлетіп гүлдендіре беру өз қолымызда.

02.11.2021 ж. № E00057

«Балабақшадағы бақытты күндер!»

ШАМУРАДОВА МАДИНА АЛПАМЫСОВНА
Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы Теңге ауылы
«№11 «Теңге» бөбекжайы» Тәрбиеші

Балалармен жұмыс істеу - үлкен бақыт. Себебі тек бала ғана еш нәрсеге алаңдамай мейірімділікке сенеді, кішкентай алақанын менің алақанымға қойып, өз құпияларын айтып, маған сенім артады. Пәк көңілді балалармен қарым-қатынас маған қуаныш, шаттық сыйлайды. Өткені мен- оларға, олар маған қажет екендігіне сенімдімін. Осы сенімнің болуы-әр тәрбиешінің бақыты. Тәрбиеші балаға деген ыстық ықыласын бір сөзбен айтып қана қоймай, бар жүрегімен және жан тәнімен сезіне білу қажет. Тәрбиешінің жұмысы күрделі де қызықты.

Шынымды айтсам, кейде жұмыстан үйге келгенде, қатты шаршағанымды сеземін. Бірақ сол балалармен өткізген күндерімді ой елегінен өткізе отырып, олардың ыстық ықыласы, маған қараған үмітке толы көздері, тәтті қылықтары, сәбилік шын жүректерімен айтқан сөздері есіме түскенде шаршағанымды ұмытып кетемін. Осы бір «балалар әлемінің теңізіне» бір бойласам, ешқашан өз мамандығымды өзгерткім келмейды.

Өйткені бала жаны пәк, бала тап-таза мөлдір бұлақтың бастауы сияқты. Көзін ашып, тұнығына қану үшін, тәрбиешіде жылы жүрек, аялы алақан және тәрбиешіге тән ең бірінші қасиет-баланы құрметтеу сезімі болу керек екенін түсіндім. Оның адамшылық ар-ожданын, намысын, тұлғасын жасына қарамай сыйлау, құрмет тұту.

Француз ағартушысы, жазушысы, Жан-Жак Руссоның: «Бала туғанда ақ қағаздай болып, таза туады, қағаз үстіне шимайды қалай салсаң, солай түседі, бала тәрбиесі де сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай солай тәрбиеленеді» деген нақыл сөзі балабақшадағы балаларға арналғандай.

Тәрбиешінің әрбір өткізген сабағы баланың ақыл-ой парасатын дамытатындай баланың жас ерекшелігіне сай құрылса, баланың ынта-жігері артары сөзсіз. Өзімнің еңбек жолымда әрдайым балалардың тілін, ой өрісін, тіл байлығын дамыту мақсатында ертегілерден көріністер ұйымдастырамын.

Себебі бала рольде өзі ойнаса, сол кейіпкердің бойындағы барлық қасиет дағдыларын ой елегінен өткізіп саралайды. Ақылмен ойланады.

Ол үшін тәрбиеші бойында асыл қасиет- ақыл, парасат болуы шарт. Баланың ішкі жан дүниесіне жол тартқан тәрбиеші ең нәзік те мөлдір, сонымен қоса, ең күрделі де жұмбақ әлемге енеді.

Осындай тынымсыз еңбектің жемісін көру үшін, тәрбиешілік жұмыс тәрбиешінің бойынан – жігерлілік пен еңбекқорлықты қажет ететінің айқын аңғардым. Әрине, әрбір тірлікте де жігерлі еңбек етпей айтарлықтай нәтижеге жету мүмкін емес. Ал тәрбиешіде бұл қасиеттердің түп негізі жауапкершілікте дер едім.

Тәрбиеші ! Бұл – әрдайым үлкен әріптермен жазылуға тиіс мазмұнды сөз. Өйткені біз елдің ертеңгі азаматтарын тәрбиелеудеміз. Өйткені біз жас ұрпақ санасына қазыналы да бай ана тілі-қазақ тілін сіңірудеміз.

Тіл арқылы бала бойына ұлттық құндылықтарды, дәстүр мен салтты, ұлтымызға тән ізгілікті, жалпы, адамзатқа ортақ өркениет ұстанымдарын жұғысты етудеміз.

Халқымызда « еңбегі көптің өңбегі көп » деген керемет сөз бар.

Демек, мен бойымдағы жастық жігерімді, күш қуатымды, жаңашылдығымды талапты әрі талантты шәкірт тәрбиелеуге жұмсауым керек. Болашақта өз тәрбиеленушілерімді биік белестерден көріп жатсам, сол үшін өзімнің аз да болса үлесім тиіп жатса, мен өзімді бақытты ұстаз-тәрбиеші, бақытты жанмын деп білемін.

Ұрпағымызды бала кезінен ұлттық тәрбиеге баулап, салауатты өмір салтын ұстап, бойына адамгершілікті, мәдениетті, инабатты, иманды сіңіріп, өз ана тілін құрметтейтін болашақ ұрпақ тәрбиелесек, әрбір тәрбиешінің өз міндетін мүлтіксіз орындағаны деп білемін.

02.11.2021 ж. № E00056

Дене шынықтыру пәнінде қазақтың ұлттық ойындарының рөлі

КОРКЕНБАЕВА КЛАРА БЕРДИМУРАДОВНА

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы Теңге ауылы

«№11 «Теңге» бөбекжайы» Дене шынықтыру пән жетекшісі

Қазақтың ұлттық дене шынықтыру мәдениеті жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің құрамдас бір бөлігі ретінде мектептегі кезеңнен қалыптаса бастайды. Сондықтан оны пайдалану тек қозғалғалмалы біліктілік, дағдыларды дамытып қана қоймайды, сонымен қатар мектеп оқушыларынан қазақтың ұлттық спорт түрлеріне деген көзқарасын қалыптастырып, дене жаттығулары мен ойындарын өз беттерінше дамытуға тәрбиелеп, оқу-ойын материалдарын бір жүйе ретінде олардың руханилығын, адамгершілігін, дене тәрбиесін тәрбиелеуге баулуды қарастырады. Бұндай жағдай Қазақстан Республикасының оқушыларының көпшілігінде ұлттық спортпен, ұлттық ойындармен, дене жаттығуларымен жүйелі түрде айналысуға деген мұқтаждықтың, осы саладағы өз бетінше жүргізілетін сабақтардың ғылыми негізделген әдістемесінің жоқтығын, сонымен қатар көптеген жалпыға міндетті білім беру мекемелерінде, мектептерде (әсіресе, ауыл мектептерінде) оқудың материалдық базасының нашарлығынан, оқушылардың оқитын орындары да қашықта болғандықтан, мектептен тыс сабақтар мүлдем жүргізілмейді.

Осы жоғарыда айтқан мәселелердің бәрі аталған тақырыптың әлі де болса жан-жақты толық зерттеуді қажет ететіндігін көрсетеді. Ұлттық ойындарды мазмұны мен күрделілігіне байланысты және балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, төменгі, орта және жоғарғы сынып оқушылары ойнайтын ойындар деп бөлуге болады. Қажетті ойындарды өтілетін сабақ не жаттығудың алдында тұрған педагогикалық міндеттеріне байланысты таңдап алу қажет. Дене тәрбиесі сабағында және жаттықтыру кезінде қозғалыс ойындарын, оның ішінде ұлттық ойындарын қолдану арнайы үйрену міндеттерін шешуге көмектеседі. Ұлттық және эстафеталық қозғалыс ойындарын ұйымдастыра отырып оқушылардың қызығушылығын арттыру, ұйымшылдыққа, батылдыққа және салауатты өмірге тәрбиелеу.

Ұлттық ойындарды спорттық ойын сабақтарында, жеңіл атлетика, гимнастика сабақтарында, жалпы дене қуаты дайындығы және жаттықтыру сабақтарында кеңінен қолдануға болады. Ұлттық ойындардың дене тәрбиесі сабағын жоғары әдістемелік деңгейде сапалы өткізудегі пайдасы мол. Жалпы ойындарды жүйелі түрде пайдалану, қиыншылықтарды жеңуге, еңбексүйгіш субъект ретінде тәрбиелеуге ықпал етеді.

Ұлттық ойындар жаттығулар көмегімен оқушыларды жаттығуға керек психикалық күйге түсіреді. Көңіл күйді көтеру, көңілдену, тактикалық ойлауды дамыту, сыртқы қоршаған ортаны тез сезіну, келешек істелетін жұмыстарға дайындалу, жинақталу қасиеттерін қамтамасыз етеді.

Ойын жаттығуларын ойша қайталау арқылы барлық ықылас зейінді аударуға негізделеді. Ұлы педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», — дейді. Демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы баии түседі. Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады.

Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ» Ақ серек, көк серек», «Соқыр теке», «Асық ойыны», «Ине, жіп және түйіншек», «Әтештер қақтығысы», «Қызыл ту», «Мысық пен Тышқан», «Теңге алу», т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады.

Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Оқушыларды әсіресе, «Сиқырлы қоржын», «Көкпар», «Асық» секілді ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл ойындарды жаңа материалды бекіту немесе қайталау кезінде қолдану керек деген пікір бар. Оқушы ойынның үстінде не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы мүмкін. Мұғалім әр оқушының еңбегін бағалап, ынталандырып отыруы тиіс. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды. Бабаларымыздың асыл қазыналарына деген көзқарасын құрметтеуге сөз әсемдігін сезінуге үйретеді. Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді. Ендеше еңбекке баулу сабағын ұлттық ойындар арқылы сабақтасытырып түсіндіру пән тақырыптарын тез, жылдам меңгеруге ықпал етеді. Оқушының сөздік қорын байыта түседі.

Дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барсында оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге; дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге, дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясын өзгеруге: өзін-өзі реттеуін қалыптастыру; дене тәрбиесі сабақтарын пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру; дене қабілетін рухани құндылықтар арқылы дамыту; релаксация арқылы жеке тұлғаның психофизиологиялық қабілеттерін дамыту; психикалық қуат мүмкіндіктері мен дене тәрбиесін сабақтастырып дамытуға т.б. қол жеткізуге болады.

02.11.2021 ж. № E00058

Ата –ана, бала, балабақша

ЭРЕКОВА АЛИЯ АШИРБАЙЕВНА

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы Теңге ауылы
«№11 «Теңге» бөбекжайы» Тәрбиеші

Баланың жақсысы - әке мен шешенің ары, ата-ананың абыройы. Қоғамның болашағы мен беделіне айқын жол ашар өскелең ұрпақ. Тал бесіктен басталар тәрбиенің теренді меңзейтіні осында.

Ата- ана өз баласын махаббатың нұрына бөлеп,қуанышына, бақытына бөлейді. «Ұлт боламын десең, бесігінді түзе»-деп бабымыз айтқандай баланыбесіктен, тіпті бала тәрбиесі туралы сөз ете қалғанда, алты айлық баласын тәрбиешіге әкелген ата-анаға «Сіз балаңызды 1,5 жыл тәрбиесін өткізіп алдыңыз, баланы іште тәрбиелеу керек» деген еврей халқынын мысалын келтіріп жатады.

Баласының жақсы болғанын армандамайтын ата-ана жоқ. Тіпті баласының болашағы үшін отқа да,суға да түсетін ата-аналар бар. Бала тәрбиесі- қиында күрделі процесс. Біз баламыздың тәрбиелі де өнегелі болып өсіп, өз қатарының алды болғаның қалаймыз. Бірақ баламызды осы мақсаттарға тәрбиелеу үшін үлкен еңбек, күш –жігердің қажет етеді.

Біз баламызға үнемі талап қойғышпыз. Әуелі талапты қоймастан бұрын, балаға өзіміз үлгі көрсете білуіміз керек. Баланың көзінше қырсық мінез көрсетету, өзге адамды жамандау сияқты қылықтар бала бойына теріс көзқарастарды қалыптастыруға негіз болады.

Бала тәрбиесін ойлайтын ата- ана ең әуелі өзін тәрбиелегені жөн болар еді деп ойлаймын. Балаға дұрыс тәрбие берудің өзекті бір саласы жас жеткіншекті еңбекке деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұны тек тәрбиеші ғана емес әрбір ата-ана қолға алып, өз балаларының гүл, ағаш егіп, көгаландыру сияқты игілікті іске қатысуын қадағалап отыру. Сонда ғана еңбексүйгіштік қасиет берік дағдыға айналады.

Еліміздің болашағы - ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Сол тәртіпті, тәрбиелі ұрпақ өсіру - баршаға ортақ, әрі міндет. Құрметті ата - аналар, балаларыңыздың бойынан жат қылық көрсеніздер тәрбиешіні жолдастарын, қоғамды кіналаудан гөрі, «мен баламды тәрбиелеуде қай жерінен ағаттық кетті, баламның бойына жақсы әдет сіңіруде, жақсы тәрбие беруде қай жерден жаңылдым» деген ой түйсеніздер екен. Тәрбиенің от басынан басталатыны сөзсіз. Күнделікті « беті қолыңды жу, тісінді тазала, өтірік айтпа, біреудің затын рұқсатсыз алма т. б» деген сияқты сөздерді айтуға жеңіл болғанмен, осы сөздердің тәрбиелік мәні зор екенін естен шығармау керек.

Осыдан бала тазалыққа, шыншылдыққа, ұқыптылыққа үйренеді. Адам баласының шыр етіп өмірге келгенде көретіні ата - ана, ал ата - ана өмірінің жалғасы - бала. Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі үлгілі, ақылды кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата – ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата – ананың бір – біріне деген қарым - қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған – туыспен, көрші - көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді.

Бала үлкенге қарап өседі. Баланы үнемі ұрып - соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру керек. Баланы адамгершілікке, қарапайымдылыққа, жақсы әдетке, әдемілікке, әдептілікке ұқыптылыққа, жауапкершілікке сөзбен жеткізе отырып тәрбиелеуге болады. «Жақсы сөз жан азығы» деп бекер айтылмаса керек. Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс.

Сондықтан да Елбасымыз ХХІ ғасырды білім жарысы ғасыры деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы Адамды тәрбиелеу. Бүгінгі күні біз – әлем халқы, бір кісідей жана дәуір, жаңа ғасыр - жаңа мыңжылдыққа аяқ басып отырмыз. Шәкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл саналар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді»- деген сөзі бар. Адамгершілікке тәрбиелеу ісі білім берумен ғана шектелмейді. Бұл баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады.

Ана - тілінің тағдыры отбасынан басталады. Рухани байлық дүниетаным, түсінік, рух, иман отбасынан осы түсініктерді ана - тілі арқылы халықтың сарқылмас мол рухани қазынасынан сусындаса, өзіміздің дәстүрлі ұлттық дүниетанымымыздың арнасында әлемдік өркениет жетістіктерін игеріп терең меңгерсек, ешкімге есемізді жібермейтін дәрежеге жетсек, онда дербес ел ретінде нық тұрамыз. Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына бағалаған. Сондықтан да халқымыз «Балалы үй - базар, баласыз үй - мазар» деп асыл сөзін арнаған.

Қазіргі уақытта бала тәрбиесінің табысты болуы ата – аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым – қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты.

Ол үшін ата – аналар күнделікті өмірде балаларының мінез – құлқына, қажетті қасиеттердің қалыптасуына назар аударуды, тәрбие үрдісінде теріс қылықтарды болдырмауды ойластыруы шарт. Отбасында тәрбие ісімен айналысу үшін, ең алдымен ата – ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет. Баланың көп уақыты сәби шағынан бастап отбасында өтеді.

Оның өмірін, іс - әрекетін, демалысын бірқалыпты ұйымдастырып, реттеп отыру үшін қажетті жағдай керек. Ал жағдай ұтымды күн ырғағы негізінде жасалады. Күн ырғақ – бұл өмір тәртібі. Ал бала өз міндетін қашан да орындауға тырысады. Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін - өзі қалай ұстай білу керек, жағымды, жағымсыз мінез – құлықтарды байқайды. Сондықтан ата – ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап бала жан дүниесіне оң әсер ететін іс - әрекеттерді дағдыға айналдыру керек.

Ата-ана бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез - құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес.

Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл - қыздармен үй шаруасында жүріп - ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа.

Баланы мектепке апарып алып қайтар жолда сырласып әңгімелесуге болатынын естен шығармаған жөн. Бала мектепте болған жайды әңгімелеп, достары жайлы ой пікірімен бөліскісі келеді. Балаға уақытым жоқ деп тиып тастамай, сұрақтарына жауап беріп өз пікіріңізді ортаға салсаңыз ол баланың ойында дұрыс пікір қалыптастырады. Бала дегеніміз – болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ.

Келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда.

«Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін - өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін - өзі сыйлау қажеттігінен туындайды.

Сонымен қорыта келе, жас ұрпаққа тәлім тәрбие беруді қоғам болып, ұстаздар қауымы болып, ең бастысы ата - аналар болып қолға алсақ болашағымыз жарқын болмақ. Балаларымызды отансүйгіштікке, ата - баба салт - дәстүрін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу баршаға бірдей міндет.

№ E00033 01.11.2021 ж.

Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби біліктілігі – заман талабы

АБДРАХМАНОВА ГУЛЬМИРА ГАПАРОВНА

Алматы қаласы, М.Әуезов атындағы №202 мектеп-гимназиясы

Бастауыш сынып мұғалімі

Болашақта еліміз дамыған алдыңғы қатарлы елдердің қатарынан көрінуді мақсат етіп отыр. Бұл мақсатқа жету үшін әрбір азаматты мектеп қабырғасынан кәсіби біліктілікке баулу қажет. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» дейді дана халқымыз. Мектептегі білім мен тәрбие беру негізі бастауыш сыныптардан басталады. Бастауыш сынып мұғалімі – пән оқытушы ғана емес, ол – бағбан, баланың болашағына бағыт беруші, бала бойындағы қабілетінің көзін ашушы, қорғанышы деуге болады. Барлық білімнің негізі бастауышта қаланатын болса, балаға дәл осы кезде білім беріп қалудың маңызы зор.

Бастауыш мектеп – баланы оқуға үйрету мен тәрбиелеу, оның тұлға ретінде өзін-өзі ашуға, жалпы дамуының қалыптасуына жағдай жасайтын негізгі саты. Жалпы адамның мектептегі білім алу кезеңі және тұтас педагогикалық үрдіс сапалы нәтижеге жету үшін бастауыш сыныптардағы оқу-тәрбие үрдісі қазіргі заман талаптарына сай құрылуы шарт.

Мектептегі кез-келген жаңарулар бастауыш мектептен бастау алады. Сондықтан бастауыш мұғаліміне қойылар талап пен жауапкершілік те салмақты. Қазіргі таңдағы мұғалім оқушы үшін «дайын» білім көзі ғана болмай, керісінше кіші мектеп оқушыларының танымдық іс-әрекетінің ұйымдастырушысы және үйлестірушісі бола білу қажет. Ол үшін мұғалім өз бетімен білімін жетілдіре алатын, шығармашылық, сыни ойлауы қалыптасқан, қалыптан тыс кәсіби міндеттерін шешуде жаңаша жол табуға дағдыланған маман болуы қажет. Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесі, оқуы және дамуы жайлы теория мен тәрбие таным мәселесінде қиылысады.

Танымдық іс-әрекет оқушының білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Қазіргі балалардың таным белсенділігі мен қызығушылығын қалыптастыруға септігін тигізетін оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін білім беруде орынды пайдалансақ, ол өзінің сипатын береді:

- оқушының жаттығу жұмысы нәтижесінде деңгейлері көтеріледі;
- пәнге деген қызығушылығы артады;
- оқушының білім сапасы көтеріледі;
- логикалық ойлау мен шығармашылық іс-әрекетке қабілеті артады.

Білім берудің бастауыш сатысы- тұлғаның даму іргетасы, оқу әрекетін қалыптастыратын жауапты кезең. Бастауыш сыныптағы баланың қабылдау мүмкіндігін ескере отырып, дамып жатқан оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдалану ең маңызды іс болып отыр.

Қазіргі күннің талабына сәйкес бастауыш сынып оқушыларының танымдық, шығармашылық қабілетін дамытуда жаңа ақпараттық-компьютерлік технологияны пайдалану оның тиімді әдісін ұсыну өзекті проблемаға айналып отыр. Жаңа ақпараттық технологияның басты тиімділігі – бұл мұғалімге бастауыштағы оқу үрдісінің құрылымын түбегейлі өзгертуге, оқудағы пән аралық байланысты күшейте отырып, оқушының дүние танымын кеңейтуге және жеке қабілеттерін көре білуге, оны дамытуға толық жағдай жасайды. Бастауыш сынып оқушысының оқуға деген көзқарасының бір параметрі оның танымдық деңгейіне байланысты екені ғылымда көрсетілген.

Бала жасына әр нәрсеге ерекше көзқараста болады. Әр заттың сырын біліп, оның жан-жақты танығысы келеді, бұл табиғи заңдылық. Сондықтан баланың танымдық қабілетін дамытып, оның дүниеге деген ой-сезімін қанағаттандыру арқылы мектептегі оқу-тәрбие процесінің тиімділігін қалыптастырамыз. Білім беруде жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқушылардың білімге деген көзқарасын, ынтасын арттыру мақсатында сабақтың қызықты өтуі мұғалімнің үнемі іздену, ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдану, оқыту әдістемесін жаңартып отыруына байланысты.

Қазіргі таңда мұғалімдердің инновациялық және интерактивті әдістерді сабақ барысында пайдалануы сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізеді.

Осы жұмыстың нәтижесінде :

1. оқушы белсенді, ізденімпаз тұлғаға айналады;
2. оқушылар өз ойын еркін айтады;
3. өзге балалардың пікірін тыңдайды;
4. өз бетінше ізденуге үйренеді;
5. бір-бірімен қарым-қатынас жасайды;
6. шығармашылық белсенділігі артады;
7. мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмасады;
8. өз бетінше шешім қабылдауға үйренеді.

Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті. Бүгінгі жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, дүниетанымының қалыптасуына, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі. Бұрынғы қолданылған оқыту әдістерінде мұғалім басты орынды алып, оқушы тек тыңдаушы ғана болса, қазіргі сын тұрғысынан шыңдалған ойлаудың арқасында

оқушы білім негіздерімен толығып, болашақты ойлауға құлшыныс алады. Сондықтан алға қойылатын мақсат «Жаңаша әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану арқылы жеке тұлғаның дамуына жол ашу». Ол жолды ашатын – мектеп. Өркениетті қоғам мен құқылы мемлекеттің қалыптасуы өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен білімділігін талап етеді. Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі – оқушыны білімді, әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасайтын жаңаша, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру.

Педагогтердің кәсіби қызметінің деңгейін көтеру оқыту процесін ізгілендіру мақсатында әр мұғалім өз мүмкіндігіне қарай оқу үрдісіндегі озық технологияларды пайдалана білуі қажет. Мұғалім білімді оқушы санасына сабақ арқылы жеткізеді. Ол мұғалімнің бір-біріне ұқсамайтын жан-жақты өткізген сабақтары – қазіргі таңдағы жаңа технологиялар.

Бастауыш сынып оқушыларын оқыту барысында шығармашылық қабілеттерін дамыту арнайы әдістеменің болуын талап етеді. Әр сабақтың дамытушылық мақсаттарын арттырып, мазмұнды шығармашылық тапсырмаларын байытып, оларды тұрақты пайдаланып отыру арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуге болады.

Сабақтағы баланың позициясын өзгертіп, оны әртүрлі бірлескен әрекеттің субъектісі жағдайына қоя білу, баланың дербестігі мен еркіндігінің болуы табыстың бірден-бір кепілі. Мұғалім шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлға, педагогикалық қызметтің барлық келеңді-келеңсіз жақтарын зерттеп, меңгеруге ынталы, өзінің пәнін жетік меңгерген, кез-келген педагогикалық жағдайда өзінің білімділігі, парасаттылығы, ибалылығы, мәдениеті, іскерлігі, шеберлігі арқасында шеше алатын, педагогикалық үрдістің нәтижесін жақсартуға ұмтылатын мұғалім болуы керек.

Білім беру жүйесінде еліміздің өркендеуіне еркін атсалысуды көздейтін жастарды тәрбиелеп, ақылына білімі сай тұлға етіп өсіруді көздейді. Жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата отырып, шәкіртінің жанына нұр құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады. Оқушыларды Отанды сүйуге, адамдыққа, адами тазалыққа, ізгілікке баулу ұстаздың абыройлы парызы және қарызы. Ол үшін мұғалім қазіргі заманға лайық өзінің білім беру ісінде рухани, шығармашылық ізденіспен жұмыс істеп, өмірге еніп жатқан жаңа технологияны меңгерген, білігі мен білімі жоғары ұлағатты тұлға болуы міндет.

Бастауыш мектептің мұғалімі өзінің өмірімен, білімімен, зерделілігімен, сауаттылығымен, яғни барлық ісімен үлгі болатын тұлғаға айналуы қажет. Мұғалімнің жеке басының үлгісі – кәсібилігімен біте қайнасқан қасиет болуы керек. Себебі, кез-келген ұжымдағы қарым-қатынас мұғалімнің жеке басының үлгісімен тығыз байланысты.

Мұғалімнің әрбір сөзі мен ісі, қимылы, киімі, аяқ алысы, жүрісі, көзқарасы психологиялық және ізгілік тұрғысынан шәкірт жүрегінен үлкен орын алады. Сондықтан әрбір ұстаз үшін оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мол білімділікті, ақылдылықты, дұрыс іскерліктер мен дағдыларды қолдануды қажет етеді.

Мұғалім кез-келген жағдайларда ұстамды, шыдамды, әділ, сезімтал, әрі мейірбанды болуы керек, яғни өз қызметі және оқушылармен қарым-қатынас жасау барысындағы мінез-құлқын үнемі бақылап отыруы тиіс. Шәкіртіне сапалы білім беру үшін мұғалімнің өзі сыртқы сұлулықты ішкі рухани сұлулықпен үйлестіре алуы керек.

Оқушылардың шығармашылығын, ізденімпаздығын қалыптастыруда пәндік апталықтар мен ғылыми апталық, сыныптан тыс, жеке, ұжымдық жұмыстар ұйымдастырудың маңызы зор. Барлық жұмыстар оқушылардың қалауымен болғанын ескеру қажет. Әр оқушының қабілетіне, қабылдауына қарай тапсырманы алу керек. Осындай шығармашылық ізденістердің нәтижесі оқушылардың қабілетін ұштауға ықпал етеді. Әсіресе табиғатынан тұйық, өз ойын жеткізе алмайтын, өздеріне сенімсіздеу оқушылар ашыла бастайды. Олар өз ойларын ортаға салып, еркін сөйлейтін болады. Сабақ нәтижелі болуы үшін балаларды қызықтыру керек, оған дәстүрлі емес сабақтардың тиімді екені сөзсіз.

Бастауыш білім –үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Осы орайда оқушыларды оқытуда жаңа инновациялық технологияны кеңінен қолдана отырып, білімді терең және жан-жақты игерудің жолдарын, әр пәннің ғылыми негіздерін меңгерту, оқушының ойлау қабілеті мен шығармашылық әрекетін дамыту болып табылады. Оқушылардың білім деңгейлеріне қарай, ой-өрісін дамыта отырып, түрлі жаттығу жұмыстарын, ойын түрлерін көбірек қолдануға көңіл бөлу керек. Уақыт талабына сай мұғалімдер сабақты жаңаша әдіс-тәсілдерді пайдаланып, ізденіспен өткізуге тиіс.

«Жас бала жаңа өркен жайған жасыл ағаш тәрізді» дейді халқымыз. Қазіргі кезде оқу мен тәрбие саласына қойылатын міндет – талабы таудай дарынды жеке тұлғаны іздеп тауып, жетілдіріп шығару. Сондықтан да бастауыш мектеп алдында балаға жүйеленіп, дайындалып берген белгілі бір білімді беріп қоймай оны жалпы дамыту, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс жеткізе білуге шығармашылық бағытта жұмыс істейтін жеке тұлға қалыптастыру болып табылады.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» деген халқымыз. Жалпы, шығармашылық туынды өмірге келгенге дейін ұстаз шәкірттің өнеге тұтар ақылшысы, пікірлес бапкері болуға тиіс.

02.11.2021 ж. № E00059

Сюжетті-рөлдік ойындардың маңызы

БАЙДАЗЫМОВА ГУЛЖАЗИРА СЕРИКОВНА

Жамбыл облысы Жуалы ауданы

"Шапағат" бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі

Ойын - бұл мектеп жасына дейінгі бала үшін өзін-өзі еркін сезінуді, заттарға, іс-әрекеттерге, қарым-қатынасқа бағыну сезімін қамтамасыз ететін, өзін «осында және қазірде» толығымен жүзеге асыруға, эмоционалды жайлылық жағдайына жетуге, теңдестірушілердің еркін қарым-қатынасына негізделген балалар шығармашылығына араласуға мүмкіндік беретін өзіндік құнды қызмет.

Балаға арналған ойынның субъективті құндылығы мен оның объективті дамытушылық құндылығы үйлесімді ойынды балалардың өмірін ұйымдастырудың ең қолайлы формасына айналдырады, әсіресе мектепке дейінгі білім беру жағдайында.

Барлық уақытта ойын мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші әрекеті болды. Психологтар мен тәрбиешілер (Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин, А.П. Усова, Т.Е. Конникова, Д.В. Менджерицкая, Р.М. Римбург, Р.И. Жуковская, Т.А. Маркова, Н.Я. Михайленко, Р.А. Иванова және басқалар) мектепке дейінгі жасты ойын жасына жатқызды. Іс жүзінде балалар біраз уақытқа қалдырған барлық нәрсені ойын деп атайды. Зерттеушілер ойынның құндылығын атап өтіп, оның әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастырудағы маңыздылығын, адамның өзін-өзі растауы мен қарым-қатынас жағдайында оның мінез-құлқын болжау мүмкіндігін көрсетеді.

Баланың дамуын ойынсыз елестету мүмкін емес, ал рөлдік ойындар мектеп жасына дейінгі баланың негізгі қызметі болып табылады. Олар баланың ойдан шығарылған жағдайында кез-келген рөлдік әрекеттерді, оны қызықтыратын функцияларды жүзеге асыруға, түрлі оқиғаларға қосылуға мүмкіндік береді. Рөлдік ойын - бұл кішкентай адамның әлеммен алғашқы, саналы өзара әрекеті, онда бала жасаушы субъектінің жетекші рөлін атқарады, бұл оның өзін-өзі жүзеге асыруы мен өзін-өзі көрсету тәсілі. Онда бала өзі қалағандай болады, ойында бала өзі қалаған жерде болады, ол қызықты және тартымды оқиғалардың қатысушысы болып табылады.

Рөлдік ойындар баланың психикалық дамуында үлкен маңызға ие, олардың ерікті есте сақтау қабілетін дамытады. Ойынды жүргізу кезінде міндетті болып табылатын ережелер балаларды мінез-құлқын басқара білуге тәрбиелейді, олардың импульсивтілігін шектейді, сол арқылы мінездің қалыптасуына ықпал етеді. Құрдастарымен бірлескен ойын кезінде балалар

қарым-қатынас жасауға, басқалардың тілектері мен іс-әрекеттерін ескере білуге, өз пікірін қорғай білуге, өздігінен талап ете білуге, сонымен қатар жоспарларды бірлесіп құруға және жүзеге асыруға үйренеді.

Бала әр түрлі рөлдерді орындай отырып, әр түрлі қызмет түрлерін қамтуды бастайды, бұл баланың ойлау қабілетін дамытуға, басқа біреудің көзқарасын қабылдауға көмектеседі.

Рөлдік ойын ойнау, қандай да бір образға үйрену, бала алған әсерлерін жаңғыртады, қайта ойластырады және ашады. Ойын жағдайының ойдан шығарылатындығын түсінген балалар, дегенмен, шынайы сезімдер мен тәжірибелерді бастан өткереді және осылайша ішкі әлемін байытады.

Мектеп жасына дейінгі балалар бірге ойнағанды ұнатады. Алайда өмірлік тәжірибенің аздығы, адамгершілік сезімдерінің көрінуінде тұрақтылықтың болмауы, өз тілектерінен бас тарту қабілетінің жеткіліксіз дамығандығы кейде ойынның ыдырауына, қалыптасқан достық байланыстардың бұзылуына әкеледі. Біз ойынға басшылық жасай отырып, балаларға әр түрлі ұсыныстардың ішінен ең қызықтысын таңдауға көмектесіп қана қоймай, оларды бір-бірінің жоспарын құрметтеуге, жолдастарына мұқият болуға үйретуіміз керек. Баланы өзі үшін өзі ойнағысы келетін құрдастарының рөлдеріне сәйкес келетін рөл таба білуге үйрету өте маңызды, бұл үшін баланы қабылданған рөлді жаңасына ауыстыруға үйрету қажет. Рөлдік ойынның анықтамаларын, оның ерекшелігін педагогика мен психология тұрғысынан зерттей келе, рөлдік ойын - бұл мектеп жасына дейінгі баланың іс-әрекетінің ең тартымды түрі деген қорытынды жасауға болады. Дәл осы рөлдік ойын балаға екі жағдайда - нақты және қиялда бір уақытта болуға мүмкіндік береді. Рөлдік ойын процесінде баланың ақыл-ой қабілеттерін ғана емес, зейінін, есте сақтауын, қиялын қамтитын білімді игерудің маңызды және күрделі процесі жүреді.

Сюжетті-рөлді ойын картотекасы:

Картотека №1 «Киім дүкені»

Мақсаты: Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Сатушы әртүрлі киімдер түрлері туралы әңгімелейді.





Картотека №2 «Балабақша»

Мақсаты: Тәрбиеші балаларды қабылдап, таңертеңгілік жаттығуды өткізеді, ойнатады.

Картотека №3 «Зообак»

Мақсаты: Бала зообаққа келеді, әртүрлі жануарлар көреді, айткеншекте тебеді.



Картотека №4 «Шапшараз»

Мақсаты: Балаларды шапшараз ойынымен таныстыра отырып, шапшарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шапш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу.




Картотека №6 «Құрылысшы»

Мақсаты: Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру.



Картотека №7 «Аурухана»

Мақсаты: Өздіктерінен рөл дерді бөле білуге үйрету. Қызығушылықтарын арттыру. Бір-біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу.





Картотека №8 «Дүкен»
Мақсаты: Сатушының рөлін ойнай білу біліктілікке үйрету.

Картотека №9 «Дәрігер»

Мақсаты: Балалардың білім деңгейін, ойындарды ойната отырып, әрі қарай жан - жақты дамыту тіл, байлығын жетілдіру, сөздік қорын молайту. Үлкендер еңбегін құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Балаларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, адалдыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу.



Картотека №10 «Жолаушылар»

Мақсаты: Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру.

Жолғашыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру.

03.11.2021 ж. № E00067

Синустар теоремасы

ҚҰНДЫЗБАЕВ СӘКЕН ӘРЛАНҰЛЫ

Батыс Қазақстан облысы. Жәнібек ауданы. Ақоба ауылы.
«Х.Халиуллин атындағы орта жалпы білім беретін мектебі» КММ
Математика пәнінің мұғалімі

Қысқа мерзімді жоспар

<p>Пәні: Геометрия Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 9.3С бөлім: Үшбұрыштарды шешу</p>	<p>«Х.Халиуллин атындағы орта жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мектебі</p>	
<p>Күні:</p>	<p>Мұғалімнің аты-жөні: Құндызбаев Сәкен Эрланұлы</p>	
<p>Сынып: 9</p>	<p>Қатысқандар саны:</p>	<p>Қатыспағандар саны:</p>
<p>Сабақ тақырыбы:</p>	<p>Синустар теоремасы.</p>	
<p>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</p>	<p>9.3.3.6 синустар теоремасын дәлелдейді және қолданады;</p>	
<p>Сабақ мақсаттары</p>	<p>Синустар теоремасын дәлелдейді және есептер шығаруға қолданады;</p>	
<p>Бағалау критерийлері</p>	<p>Синустар теоремасын біледі; Синустар теоремасын қолдана алады; Үшбұрыштың белгісіз элементтерін таба алады;</p>	

<p>Тілдік мақсаттар</p>	<p>Оқытудың тілдік мақсаттары: Оқушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • үшбұрыш ауданының іштей және сырттай сызылған шеңберлер радиустарымен байланысын дәйектеп айта алады; <p>теоремалар мен формулаларды қолданып есептерді шешу жолын түсіндіреді</p> <p>Бөлім бойынша лексика мен терминология:</p> <ul style="list-style-type: none"> • үшбұрыштарды шешу; • синустар теоремасы; • косинустар теоремасы; • жарты периметр; <p>пропорционал кесінділ</p> <p>Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер:</p> <ul style="list-style-type: none"> • үшбұрыштың кез-келген қабырғасының квадраты ... ; • ... қарсы жатқан бұрыштардың синустарына пропорционал; • үшбұрышқа сырттай сызылған шеңбер радиусы ... қатынасына тең; • ауданның жарты периметрге қатынасы ... болады; • медианалар қиылысу нүктесінде ... ; <p>биссектриса қабырғаны ... бө</p>
<p>Құндылықтарды дарыту</p>	<p>Белсенді қарым- қатынас, өзіндік шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту. бір – бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау</p>
<p>Тәрбиелік мағына «Мәңгілік ел»</p>	<p>Дұрыс шешім қабылдау үшін, қоғамдық өмірге қатысу үшін шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыру.</p>
<p>Пәнаралық байланыстар</p>	<p>Бұл бөлімде алған білім үшбұрыштың белгілі элементтері арқылы белгісіз элементтерін табуға қатысты практикалық есептерді шешу кезінде қолданылады, сонымен қатар физика мен астрономияла қолданылады.</p>
<p>АКТ қолдану дағдылары</p>	<p>Power Point презентациялары арқылы сыни тұрғыдан ойлау мен зерттеу дағдыларының дамыту.</p>

Бастапқы білім	Үшбұрышқа іштей сызылған және сырттай сызылған шеңберлерді білу, үшбұрыштардың түрлерін, үшбұрыштың теңсіздігін, үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштарының араарсындағы қатынасты, үшбұрыштың аудан формулаларын білу, тікбұрышты үшбұрыштарды шеше білу.
Сабақтың түрі	Жаңа ұғымды меңгерту сабағы.
Сабақ барысы	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	
1-сабақ. Сабақтың басы 2 минут	I. Ұйымдастыру кезеңі. <i>Оқушылармен сәлемдесу. Оқушылардың сабаққа әзірлігін тексеру.</i>
2 минут 7 минут	II. «Ой қозғау» 1. Үшбұрыштар теңсіздігі 2. Косинустар теоремасы 3. Бұрыштың косинусын табу Оқушылармен бірге мына есептерді ауызша талқылау. 1. PQR үшбұрышында $PQ = 7,5$ м, $QR = 9,4$ м, $PR = 11,3$ м. Үшбұрыштың қай бұрышы үлкен, қай бұрышы – кіші? 2. Қабырғалары 3 см, 4 см және 8 см болатын үшбұрыш табыла ма? 3. Бұрыштары , және болатын үшбұрыштың қай қабырғасы ең үлкен? 4. Қабырғалары 13 см, 42 см және 29см болатын үшбұрыш табыла ма? 5. Үшбұрыштың қабырғалары 8 см және 6 см. Ұзындығы 6см қабырғаға қарсы жатқан бұрыш тік болуы мүмкін бе? Неге? 6. Синусы 1,5 болатын бұрыш қандай?
10 минут	III. Жаңа ұғымды ұғындыру: Оқушылар берілген нұсқаулыққа сәйкес теореманы өз беттерімен дәлелдейді. Слайд 4 5- слайд бойынша тексереді, кері байланыс береді, Оқушыларға берілген бұрыштың синусының мәнін есептеу және синустың белгілі мәні арқылы бұрышты калькулятор көмегімен табу тапсырмаларын беріңіз. сүйір бұрышы мен (180 доғал бұрышының синустары тең болатынына назар аударыңыз.

5 минут	<p>Бекіту тапсырмалары: Слайд 7</p> <p>Топпен жұмыс:</p> <p>Оқушыларды топқа біріктіріңіз, есепті шығарып, оның алгоритмін жазғызыңыз.</p>
10 минут	<p>Топ №1.</p> <p>1. ABC үшбұрышында $AB = 4$ см, $\angle A = 45^\circ$, $\angle B = 46^\circ$. Үшбұрыштың белгісіз қабырғалары мен бұрыштарын табыңыз.</p> <p>2. Үшбұрыштың белгілі қабырғасы мен екі бұрышы арқылы белгісіз қабырғалары мен бұрышын табу алгоритмін жазыңыз.</p>
2 минут	<p>Топ №2.</p> <p>1. CDM үшбұрышында $CD = 10$ см, $CM = 9$ см, $\angle M = 60^\circ$. Үшбұрыштың белгісіз қабырғалары мен бұрыштарын табыңыз.</p> <p>2. Үшбұрыштың белгілі екі қабырғасы мен олардың арасында жатпайтын бұрыш арқылы белгісіз қабырғасы мен бұрыштарын табу алгоритмін жазыңыз.</p> <p>Топтардың алгоритмдерін талқылаңыздар.</p> <p>1-ші топтың есебінде шешім әрқашан табылады, және ол шешім жалғыз. Бұл шешім үшбұрыштардың теңдігі белгісі бойынша және берілген екі бұрыштың қосындысы -тан кіші болған жағдайда табылады. Синустың мәні бойынша бұрышты тапқан кезде мұқият болу керек.</p> <p>2-ші топтың алгоритмін талқылау кезінде есептің екі шешімі, бір шешімі болуы немесе шешімі болмауы мүмкін екендігіне назар аударыңыз. Есепті синустар теоремасы арқылы да, косинусар теоремасы арқылы да шешуга болады. Шешудің әр жолының жеткіліктері мен жеткіліксіздіктерін талқылаңыздар.</p> <p>Кері байланыс. Бағалау:</p>
Сабақтың соңы 2 минут	<p>Үй жұмысы:</p> <p>Сабақ соңында рефлексия жүргіземіз. (3 минут)</p> <p>«Сөйлемді жалғастыр» (дәптерге жазады).</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бүгінгі сабақта... білдім • ... үйрендім • ... қиындықттуындады • ... әлі де жұмыстануымкерек <p>... мағанқызықболды?</p>

<p>Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>
<p>Оқушылар бірлесе отырып топпен жұмыс жасайды.. Олар бір –біріне көмек көрсету арқылы есептерді бірлесіп шығарады. Ал баяулау келе жатқан оқушыларға озық оқушылардың жеткен жетістігіне жету үшін үйде толықтырулар жасауларын сұранамын</p>	<p>Сабақта өзара бағалау, өзін-өзі бағалау түрлері жүргізіледі. Сабақ кезінде мұғалім оқушыларға қолдау көрсетеді</p>	<p>Сабақта интербелсенді тақтаның уақтылы қолданылун ескеру</p>
<p>Сабақ бойынша рефлексия Сабақмақсаттары/оқумақсаттарыдұрысқойылғанба? Оқушылардыңбарлығы ОМ қолжеткіздіме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақтасаралаудұрысжүргізілдіме? Сабақтыңуақыттықкезеңдерісақталдыма? Сабақжоспарынанқандайауытқуларболды, неліктен?</p>	<p>Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақбағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	
<p>Жалпыбаға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: 2: Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: 2: Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</p>		

03.11.2021 ж. № E00068

НУРГАЛИЕВА ГУЛИМ НУРБОЛАТОВНА

Батыс Қазақстан облысы. Жәнібек ауданы. Тау ауылы.

«Ғ.Абдуллин атындағы ЖОББМ»КММ

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

1 – бөлім: Жүгіру, секіру, лақтыру техникасын жетілдіру	Мектеп: «Ғ.Абдуллин атындағы ЖОББМ» КММ-сі	
Күні: 18.09.2021 ж.жыл	Мұғалімнің аты-жөні: Нурғалиева Гулим Нурболатовна	
Сыныбы: 7	Қатысқан оқушы саны: 16	Қатыспағаны:0
Сабақтың тақырыбы	Акробатикалық элемент кешендері	
Оқу мақсаттары	7.3.2.2 Жалпы дене жаттығуларын өткізу және ағзаны қалпына келтіру жаттығуларының құрамын көрсету	
Сабақ мақсаттары	<ul style="list-style-type: none"> • Жалпы дене жаттығуларын орындайды және ағзаны қалпына келтіру жаттығуларының түрлерін қолдана алады. • Жалпы дене жаттығуларын көрсетеді және түрлендіре алады • Жалпы дене жаттығуларын өткізу және ағзаны қалпына келтіру жаттығуларының құрамын сипаттай алады. 	
Бағалау критерийлері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ағзаны қалпына келтіру жаттығуларын орындайды. 2. Жалпы дене жаттығуларын өткізеді 3. Жаттығулардың орындалу реттілігін көрсетеді 4. Жалпы дене жаттығуларын сипаттайды. 	
Тілдік мақсаттар	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Алға домалау, артқа домалау, жауырынмен және баспен тұру. - Бас-Голова-head - Жауырын-Лопатка-shoulder blade	
Пәнаралық байланыс	Биология, физика, математика	
Алдыңғы меңгерілген білім	Дене қыздыру мен қалпына келтіру жаттығуларын біледі.	

Сабақ барысы	
Сабақ кезеңдері	Сабақтағы іс-әрекеттер
Сабақтың басы	<p>2. Сапқа тұру. Амандасу сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.</p> <p>3. Саптағы жаттығулар. Әр түрлі арнайы жүру және жүгіру жаттығулары. Ағзаны қалпына келтіру жаттығулары.</p>
Сабақтың ортасы	<p>4. Оқушылар «Бірінші және екіншіге санау» бұйрығымен екі топқа бөлінеді.</p> <p>5. Екі топқа жалпы дене жаттығуларының түрлерін орындау қадамдарынан тұратын төмендегідей суреттер таратылады.</p> <p>«Өкіл» әдісі. Топтық жұмыс. Әр топ берілген жаттығуларды меңгеріп, өзара талқылайды. Топ басшысы келесі шағын топқа түсіндіріп, орындалу техникасын көрсетеді, қалғандары қайталайды (2 рет):</p> <ul style="list-style-type: none"> • 1-топ. «Алға домалау және баспен тұру» жаттығулары. • 2-топ. «Артқа домалау және жауырынмен тұру». <p>Қалыптастырушы бағалау: Өзара бағалау. Екі жұлдыз бір ұсыныс.</p> <p>6. Жалпы сыныптық жұмыс. Барлық оқушылар «Жаттығуды қайтала» әдісі арқылы бірдей орындайды.</p> <p>7. Мұғалім екі шағын топқа 3 түрлі тапсырма береді.</p> <p>Жеке жұмыс. Саралау тәсілі: Тапсырма және қарқын. Тапсырмалар:</p>

	<ul style="list-style-type: none">• Акробатикалық жаттығулардың техникасын көрсетіңіз және 3 рет қайталаңыз.• Акробатикалық жаттығулардың техникасын көрсет және түрлендір. Мысалы көпірше және т.б. әдістерді көрсетіңіз.• Акробатикалық дене жаттығуларының түрлерін және маңыздылығын сипаттап береді. <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none">• Алға домалау әдісін көрсетеді• Артқа домалау техникасын көрсетеді• Жауырынмен тұру әдісін дұрыс орындайды• Акробатикалық жаттығулардың басқа түрлерін көрсетеді• Акробатикалық жаттығулардың түрлерін және маңыздылығын сипаттайды. <p>Қалыптастырушы бағалау. Мұғалімнің бағалауы. Мадақтау.</p>
Сабақтың соңы	<p>Сапқа тұру, демалу жаттығулары және мұғалім тұжырымдайды.</p> <p>Сабақ соңында жалпы тақырып бойынша рефлексия жасалады. «Қадам санау» әдісі.</p> <p>Толық түсіндім – 2 қадам алға.</p> <p>Түсіндім, бірақ тәжірибеде қолдануда қиналамын – 1 қадам алға.</p> <p>Толық түсінген жоқпын – орнында қалу.</p>

<p>Саралау Барлық оқушылар: Жалпы дене жаттығуларын орындайды және ағзаны қалпына келтіру жаттығуларының түрлерін қолданады. 7-8 мин Кейбір оқушылар: Жалпы дене жаттығуларын көрсетеді және түрлендіреді 5-6 рет. Қабілетілігі жоғары оқушылар Жалпы дене жаттығуларын Тәсілдер: Тапсырма және қарқын.</p>	<p>Бағалау Өзара бағалау. Екі жұлдыз бір ұсыныс. «Қадам санау» әдісі. Мұғалімнің бағалауы. Мадақтау.</p>	<p>Әр оқу тоқсанының басында қауіпсіздік техникасымен таныстыру. Сабақ барысында жайлы жағдай туғызу арқылы. Тақырыпқа сай киіну мен әрекет ету. Оқушыларды жіті қадағалау.</p>
<p>Сабақ бойынша рефлексия</p> <p>1. Сабақ мақсаттары дұрыс қойылған ба? 2. Оқушылар нені үйренді? 3. Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? 4. Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?</p>	<p>Сабақ соңында оқушыларға қойылатын сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сабақта не түсініксіз болды? • Сабақ барысында қандай қиыншылықтар кездесті? • Не қосу қажет деп ойлайсың? • Өзіңізге нені жетілдіру қажет? 	
<p>Қорытынды:</p> <p>Сабақтың жақсы екі аспектісін көрсетіңіз (оқытуға, үйренуге қатысты.) 1 2</p> <p>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту және үйрену.) 1 2</p> <p>Сыныппен жеке тұлғалар туралы не білдім және келесі сабағымды өткізуіме қалай әсер етеді?</p>		

03.11.2021 ж. № E00069

Семей полигонының жабылғанына 30 жыл

ТУЯКОВА ЛАРИСА РАУШАНОВНА

*Батыс Қазақстан облысы. Жәнібек ауданы. Тау ауылы
«Ғ.Абдуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Жатақхана тәрбиешісі*

Мақсаты:

1. Оқытып үйрету: Оқушыларға Семей өңірінде жүргізілген ядролық сынақ және оның зардаптары туралы мәліметтер беру.

Қоршаған ортаның ластануы тіршілік иелеріне өте зиян келтіретінін айтып, келешекке табиғат тағдыры өз қолдарында екені туралы толық түсініктер беру.

Семей полигонын жабуға күш салған Н. Ә. Назарбаев, О. Сүлейменов, К. Бозтаев сынды қоғам қайраткерлерімен таныстыру, олардың өнегелі өмірлерін үлгі ету.

2. Тәрбиелік: Өз ата-мекенін сүйуге тәрбиелеу. Өз еліне, өз туған жеріне сүйіспеншілігін сақтай отырып оның табиғатын, табиғат байлықтарын қорғауға ұмтылдыру.

3. Дамыта оқыту: Оқушылардың жоғары деңгейде қабылдауын, логикалық ой қорытуын дамыту.

Көрнекілігі:

1. Интерактивті тақта

2. Ядролық жарылыстар - видео фильмдер, ядролық жарылыстан зардап шеккен адамдардың суреттері - слайдтар.

3. Н. Ә. Назарбаев, О. Сүлейменов, К. Бозтаев т. б. суреттері мен кітаптары.

5. Ұлы адамдар сөзінен цитаталар.

Интерактивті тақтадан слайд көрсетіледі.

1947 жылы 21 тамызда КСРО Үкіметінің арнайы қаулысымен «Семей - 21» деген шартты атаумен жаңа жасырын қала пайда болды. Қала әскери - өнеркәсіптік кешеннің мүлде жаңа құрылымына яғни ядролық сынақ полигонына толық қызмет етуге тиіс болды. Алға қойылған міндеттерін бұрын соңды көз көріп құлақ естімеген құрамы ескеріле отырып, ядролық сынақ полигонына жақын орналасқан жайылымдар, шабындықтар, таулы қыраттар есебінен 18 мың шаршы км - дей жер бөлініп берді. Осынау полигонның кемел инфрақұрылымы: Курчатов қаласын, реакторлар кешенін, «Балапан», «Г»(Дегелеңдегі сейсмокешен), «Ш»сынақ алаңдарын, толып жатқан басқа да ұсақ тәжірибелік алаңдарды қамтиды.

Семей ядролық полигонындағы сынақтардың жалпы саны 456 ядролық және

термоядролық жарылысты (жылына 14 - 18 сынақ) құрады. Олардың 116 - сы ашық болды, жер бетінде, әуе кеңістігінде жасалды. Сынақтан өткізілген ядролық зарядтардың жалпы қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп болды.

1949 жылы 29 тамызда түп - тура таңғы сағат 7 - де Семей ядролық сынақ полигонында тұңғыш рет КСРО мемлекетінің ядролық қаруы сыналып, қуаты 20 килотонналық РДС - 1 плутоний заряды жер бетінде жарылды.



Көз ілеспес жылдамдықпен ұлғайып бара жатқан отты доп кенеттен Жер денесіне қадалып, оны шарпып өтіп аспанға көтерілген. Таяу жердегі сирек ауылдарда тұратын адамдар дір ете түскен жер мен жарты аспанды алып кеткен от - жалынға таңырқап қарап тұрған. Жалғыз түп шөп қалмаған түтігіп қарайып кеткен даланың түл жамылғысы. Жан - тәсілім алдында жанталасқан жануарлардың өлі денесі табылған.



Бұл КСРО - да тұңғыш атом бомбасының жарылуы еді. Полигонда жаңа танталды жұлдыздың тууын Лаврентий Берия, Сергей Курчатов, әскери бастықтар мен атақты ғалымдар, Кеңестік атом бомбасының толып жатқан идеологиялық, идеялық және техникалық аталары тасадан бақылап тұрды. 1949 жылғы алғашқы жер бетіндегі жарылыстан бастап Семей және Павлодар облыстарының радиациялық сәулелену ықпалына ұшыраған басқа аумақтардың тұрғындарының арасында сырқат санының ұдайы өсіп келе жатқаны байқалды. Жалпы алғанда қатерлі ісік аурулары сынақтар басталғалы бері 3 есе өсті.

Семей полигонына жақын аудандарда жетілуінде, тәндік және есту кемшіліктері әрқилы сәбилер дүниеге көп келді «Заман - ай»- Қазақстандағы Семей полигонының қасіретіне арналып шығарылған ән. Бұл әннің өлеңін жазған қазақтың көрнекті ақыны Ұлықбек Есдәулетов, әнін жазған қазақ халқының сазгері Төлеген Мұхамеджанов сынды ағаларымыз елінің қасіретін барша әлемге жеткізді.

Өз жерінде мылтықсыз майданның құрбанына айналған халықтың денсаулығына іс жүзінде ешбір жәрдем көрсетілмеді. Оны айтасыз дәрігерлерге радиация әсерінен болған аурулардың дұрыс диагнозын қоюға тыйым салынды. Менің ата-мекенімнің маңдайына осындай қасірет таңбасы басылыпты. Тек 60 - сыншы жылдардан бері ғана бір ауылдан 500 - ден астам адам ядролық сынақтың кесірінен қыршынынан қиылса, 150 - ден астамы онкологиялық емханада жатып жарық дүниемен хош айтысты. Ал қаншама адам өз - өзіне қол жұмсау қасіретіне ұшырады.

Қазақ жеріндегі осындай адам төзгісіз алапатты тоқтатып, тажалды тізгіндеуде аянбай еңбек еткен тұлғалар бар.

1991 жылдың 29 тамызында Президент Н. Ә. Назарбаев Семей полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл - Тәуелсіздік ала сала қазақ елі қабылдаған алғашқы маңызды шешімдердің бірі болды. Семей ядролық сынағына қарсы алғаш бастама көтерген тұлға, К. Бозтаевтың «Семей полигоны», «Қайнар қасіреті» кітабында полигон қасіреті баяндалған.

Елімізде ядролық сынақтарға қарсы «Невада - Семей» халықаралық қозғалысы көрнекті ақын, белгілі қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтың бастамасымен



1989 жылдың ақпан айында құрылды.

Біз, Қазақстан елінің жасөспірімдері, бүлдіршіндері еліміздің өз еркімен ядролық қарудан бас тартқан игі қадамы үшін Елбасымызға, «Невада - Семей» қозғалысының басында болған О. Сүлейменов сынды аталарымызға ризамыз және барлық елдердің балалары ядролық қарудың құбыжық кейпін көрмеуін, дүмпуін естімеуін қалаймыз.

Бүгінде Семей ядролық полигонының ресми жабылғанына 30 жыл толып отыр. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерекесімен тұспа - тұс келіп отырған осы айтулы оқиғаны әрбір жас білуі керек. 2001 жылдың 29 тамызында Семей қаласындағы «Полковничий» аралында Семей ядролық полигон құрбандарына

арналған үлкен ескерткіш қойылды. «Өлімнен де күшті» мемориал жобасының авторы –

Шота Уәлиханов.



«Қазақстан - 2030» Бағдарламасында Елбасы Н. Ә. Назарбаев «2030 жылы Қазақстан мөлдір сулы, жасыл желекті, ауасы таза аймаққа айналады. Өндіріс қалдықтары мен радиация бұдан былай біздің үйіміз бен бақтарымызға енбейтін болады. Біздің балалар кінәратсыз толыққанды өмір сүретін болады», - деп атап көрсеткен еді. Қазіргі таңда экология өзекті мәселеге айналып отыр. Сондықтан қоршаған ортаны қорғау - әрбір адамның төл міндеті.

МАЗМҰНЫ

- *УСЕМБАЕВА ЖИБЕК КАЙРАТОВНА*
- *КЕЗЕНБАЕВА НУРЗИЯ САЙЛАУБЕКОВНА*
- *МОЛДАГАЛИЕВА ЛАЗЗАТ ИЗГАЛИЕВНА*
- *ШАМУРАДОВА МАДИНА АЛПАМЫСОВНА*
- *КОРКЕНБАЕВА КЛАРА БЕРДИМУРАДОВНА*
- *ЭРЕКОВА АЛИЯ АШИРБАЙЕВНА*
- *АБДРАХМАНОВА ГУЛЬМИРА ГАПАРОВНА*
- *БАЙДАЗЫМОВА ГУЛЖАЗИРА СЕРИКОВНА*
- *ҚҰНДЫЗБАЕВ СӘКЕН ЭРЛАНҰЛЫ*
- *НУРГАЛИЕВА ГУЛИМ НУРБОЛАТОВНА*
- *ТУЯКОВА ЛАРИСА РАУШАНОВНА*